

## **КОНТЕКСТІҚ АЙМАҚТЫҚ СӨЗДІКТЕРДЕГІ СӨЗДІК ДЕФИНИЦИЯСЫН ТУЗУДЕГІ МАҢЫЗЫ**

Зерттеуші үшін диалектологиялық экспедиция кезінде жазбалардан жинақталған далалық сөздік материалдарына сүйеніп, семантикалық (семасиологиялық) талдаулар жасау әр уақытта тиімді бола бермейді. Себебі мұндай ақпараттар келешектегі қажетті деген талдаулар үшін контекстілі материал ретінде үнемі жеткілікті емес. Диалектолог өз интуициясына, өз тілдік санағына сүйене алмаған жағдайда контекстер кез келген диалектілік сөздікте

басым болады, семантикада сөздерді бөліп қарастырудың осыған дейін қалыптасқан екі түрлі жолы бар: біріншіден, зерттеулер денотаттарға тиесілі, екіншіден, сөйлермендердің металингвистикалық қызметіне, тілдік аясына байланысты. Соңдықтан сөздік мақала дайындауда лексикалық семантика тұрғысынан алдын ала талдау жасау (сөздердің арасындағы қарым-қатынастырыды жүйелі зерттеу) экспедиция жағдайында жүріп-ақ немесе стационар-

лық түрдегі зерттеу жағдайларында дұрыс контекстілі материал алу мүмкін бола бермейтіні белгілі. Сөздік мақалалардың, сөздіктердегі иллюстративтік материалдар мен сөздердің арақатынасын пайдалану мүмкіндігі тұрғысынан алғанда, жергілікті ерекшеліктер лексикасындағы барлық контекстер: *ақпараттық, азақпараттық және ақпараттық емес* болып үш топқа бөлінеді [1].

Ақпараттық – деп семантикалық талдау үшін сөз мағыналары мен оның топтық тәуелділіктері (осы көріністер диалектіні тұтынушылардың металингвистикалық қызметін, олардың сөз мағынасын бейнелеуге бағытталған оның денотаттын немесе жалпы денотативті жағдайда туындастын тілдік сана жұмыстарын көрсетеді) туралы контекстерді толығымен біту қажет болатын топты атаймыз. Зерттеліп жүрген сөздің сөздік дефинициясын толықтай құрастыру, сол сөздің өзі кіретін микрояуе көрінісін бөліп алып қарастыру үшін, сол сөз үшін, бір ғана хабарламалық (ақпараттық) контекстің өзі жеткіліксіз болады. Мұндай контекстін өз алдына жекелеген бөлек семантикалық бөліктері басқа қолданыстардың да арасында кездесуі мүмкін. Дәл осындай контекстер диалектілік сөздіктерде көп кездесіп отырады. Контекстің бұл түрі иллюстративті деп аталады және олар осындай семантикаға катысты сөздікті құрастыру шылардың ойын да коса иллюстрациялайды.

Аз ақпараттандырылған дегеніміз – контекстің зерттеліп талданып отырған сөз бен сол сөз тобының (жекелей алғанда) семантикасын қамтитын барлық қажетті контекстердің жетілдірілген түрі. Мұндай контекстер белгілі бір диалектіні тұтынушылардың металингвистикалық қызметін бейнелей алады, бірақ мұндай қызметтің нәтижесі дәл осы жағдайда семантика туралы лексикалық бірліктердің фрагментарлық көрінісі ретінде толық емес; толықтай сөздік дифиниция сын құрастырудағы қалыптасқан мұндай түсінік әрбір жекелеген контекске сүйене береді. Сөздіктердегі мұндай тілдік көріністерді мақсатсыз түрде топтармен беріп отыру, анағұрлым белгілі бір сөздің семантикасын адекватты түрде иллюстрациялауды мүмкіндік береді.

Ақпаратты емес болып – қолға алынған сөздік дефиницияны құрастыруда қажетті мәліметтері жоқ контекстер есептеледі. Дұрысы, диалектіні тұтынушылардың металингвистикалық қызметі (еркін түрдегі не мәжбүр түрдегі) лексикалық бірліктер мен сөздіктерде ареалды немесе қатысты сөздің ерекшелігін иллюстрациялауды да коса қабат енгізіп отырады. Бұлар сөздік мақалалардағы иллюстративті материал ретінде мәтін көріністерінде ақпараттық

және аз ақпараттық сипат алады. Егер олар өздігінен қолданылатын болса, сөздің қалыптасуы үшін оған басқа да түпнегіз болып табылатын бастау көздерге (денотат немесе денотативті жағдайда) ықпал етеді. Бұл мәтін беліктерінің ақпараттандырылуы материал жинауга тікелей қатысты болады деген сөз емес. Әрине, ақпаратты және аз ақпараттандырылған контекстер информанттардың (сұраптар бойынша әнгіме, семантикалық эксперимент т.с.с) жұмыстарын орындау кезінде тілдік сананы белсенді ететін интенсивті әдіstemені қолдануда жиі кездесіп отырады. Материал жинаудың басқа да әдіstemесінде (қатысу және микрофон және т.с.с) ақпараттық контекст ағыны (және көрініш, жеткілікті ақпараттандырылмаған қүйі) беріліп отырады, алайда мәтіндер жергілікті ерекшеліктердің лексикалық бірліктері болып табылады. Экспедиция кезінде сөз семантикасын, сөз денотаттары қасиетін зерттеу, жалпы денотативті жағдайларды зерттеу «жалпылама тілден тыс жағдайларда» да күшті ықпал жасай алады [2, 44]. Даалық жағдайдағы лексикографиялық тәжірибелінің қажеттіктері ең алдымен, түрлі дәрежедегі парадигмаларды зерттеуде арнайы сұрап кітапшаларын пайдаланудың тиімділігін көрсетеді.

Диалектикалық лексиканы жүйе ретінде оқып үйрену жұмыстарын бірнеше түрге беліп қарастыруға болады:

1. Бірнеше говор материалындағы лексика-семантикалық немесе тақырыптық топтардың типтері бірлігін зерттеу.

2. Бір говор материалындағы лексика-семантикалық немесе тақырыптық топтар типтері бірлігін зерттеу.

3. Бірнеше говор жағдайындағы бірнеше материалдағы лексикалық синонимия мен антонимияны зерттеу.

4. Бір ғана говор жағдайындағы бірнеше материалдағы лексикалық синонимия мен антонимияны зерттеу.

Синонимия аймақтық лексика мәселелерімен айналысадын кез келген диалектолог үшін дәстүрлі де аса қызықты құбылыс болып табылады. Бұл орайда көптеген фактілік материалдар жинақталып, бақылаулар жүргізілген, теориялық тұжырымдар жасалған [2, 37]. Диалектілік синонимия мәселесі Л.И.Баранникованың [3], О.И.Блинованың, Т.С.Коготкованың [2], Н.А.Лукьяннованың және т.б. зерттеушілердің еңбектерінде сөз болған.

Эмоционалды-экспрессивті синонимдер: *эмоционалды, экспрессивті* және *эмоционалды-*

экспрессивті болып бөлінеді. Синонимдердің түрлі белгілерін парадигматикалық жіктерге, синтагматикалық жіктерге белуге болатындығын ескерсек, функциялау тұрғысында (Коготкова, 1979; Раков, 1974), дублеттер тобы да әркелкі болып шығады. Лексикалық дублеттер – абсолютті дара мағына мен қолданысты сипаттайтын сөздер. Ал функционалды- лексикалық дублеттер – дербес мағынасы бар, бірақ, тіл мен диалекттің қолданушылар тараپынан түрліше қызмет ететін сөздер. Салыстырмалы (семантикалық) синонимдер – өз семантикалық құрылымында жалпы ИЭЗ бар, ДЭЗ айыратын сөздер. Экс-пресивті синонимдер – белгісінің пайда болуы дәрежесіне байланысты белгілері бар сөздер. Эмоционалды синонимдер – семантиканың дифференциаланған элементі ретінде жалпылама бағаға ие, сөйлеуші тарарапынан айтылатын сөздер. Эмоционалды-экспрессивті синонимдер деп – семантикада белгілердің, әрекеттердің (объективті) есемдігі де үйлестірлетін сөздерді және эмоционалды баға (субъективті-объективті) катар аясында дифференциация құралы болып табылатын сөздерді атайдыз.

Негізінен, синонимдер (сонғы үш типі) сондай-ақ, функционалды да айырмашылықтары көп болып келеді, тілде белгілі бір коммуникативті міндеттер мен олардың пайда болуына, белгілілік әрекшеліктерінің болуына ықпал ете алады.

Синонимдік қатарлардың компоненттері арасындағы семантикалық қатынастардың типологиясы, тілдік синонимияның байлығын көрсетуге және диалекттілік синонимдерді анықтауға, олардың синонимдік қатарлары мен бірліктеріндегідей осының бәрін жалпылай отырып, ері қарай дифференциациялауға мүмкіндік береді. Диалекттілік лексикалық синонимдер деп ДСГ бұзылу деңгейіндегі бейтараптандырылуға, экспрессив-тендірілуге, эмоционалдылыққа бейім, сондықтан да, ДЭЗ әрекшеленетін, жалғыз ғана мағынаға ие, диалекттің қолданушылар тіліне тән, типтік функцияларды орындаудын сөздерді атайдыз.

ИЭЗ жалпылығы негізінде, сандық қатынасы жағынан жай және күрделі (екі мүшелі және көп мүшелі) бола алатын синонимдік қатарлар бірігеді. Синонимика бойынша жұмыстардың көпшілігінде қарапайым қатарлар үшін ғана, бинарлық оппозиция қолайлы болып, нақтылы тілдік жүйеде (диалекттіде) көпмүшелік түрлерге ие бола алады. «Синонимдік қатар» термині (жалпы, туыстас, үқсас түсінік, не болмаса сандық және ең бастысы, қатарлардың сапалық толығуы ретінде түрліше болуы мүмкін. Қай синонимдердің қандай қатарға жатындығына қарай, синонимдік қатардың сипаты

анықталады. Бұлардың ең әрісі, үш түрлі типтің бөліп алып қарастыруға болады: дублетті қатарлар, оның құрамына лексикалық және функционалды-лексикалық дублеттер: мүшелерінің саны – скеуден кем болмауы керектігі ескерілгені жөн.

Лексика-семантикалық сөз бірлестіктері, диалекттілік антонимия іс жүзінде аздаған өзгерістерге түседі және бұл сала бүтінге шейін анағұрлым аз зерттелген. Оның басты себебі синтагматиканың жеткілікіз зерттеуінде байланысты: сөздік картотека материалдары лексика-семантикалық категорияны оқып-үйрену үшін, жеткілікті негіз бола алмайды. Диалектикалық лексикадағы кең көлемді қарама-қайшылықтар нақтылаған зерттеулер бұған дейін біртекtes болып келді. Осы ретте А.П.Щварцтың, Р.В.Херольянц, Б.Л.Козлованың, Б.Д.Воробьевтің, Р.Я.Татаринаның осы саладағы еңбектерін, мақалаларын атаяуға болады.

Диалекттілік антонимдердің парадигмальық сипаты сан алуан. Негізінен алғанда, антонимдердің лексикалық қарама-қайшылықты сипаттағы зерттеулеріне негізделген, семантикалық типологиясы говорларда да, әдеби тілде де принципті түрде бірдей және әрекеттердің қарама-қайшылығына негізделген координациялық түсініктердің, антонимдерді, антоним-конверсивтердің бөліп шығарады:

1. конверсивті антонимдер;
2. қарама-карыс бағыттылықты білдіретін антонимдер;
3. сапалы градуальды қарама-қайшылық пен координациялық түсініктің қарама-қайшылығын білдіретін антонимдер;
4. комплементарлықты (косымшалықты) білдіретін антонимдер.

Осылайша, антонимдердің семантикалық типологиясы әдеби тіл үшін де, ауызекі сөйлеу тілі үшін де ортақ болып табылады.

Сонымен, сөздердің ірі лексика семантикалық бірліктерін, семантикалық қатарлар мен антоними-калық жұптарды (оларды лексика семантикалық және тақырыптық топтардан тыс) зерттеу аса маңызды. Сөздік таңдаудың нәтижесінде қалыптасқан жалпы және түрлі мағынадағы семантикалық талдауға қарсы койылған сөз тізімдерін семантикалық бағытталған деп атаяуға болады. Оларға қарама-қайши формальды түрде ғана бағытталған не төтеше жалпы категориялық белгі болып табылатын сөздің көптігі семантикалық тұрғыда бағытталмаған деп атайдыз. Егер синтагма арқылы сөздердің тілдік әрекшеліктерін түсінуге болатынын ескерсек, оны бейнелеуде зерттеудің ең кемі екі аспекттің бөліп алып қарастыруға болады: а)

функциялау және жергілікті тілді қолданушылар тіліндегі жүйелі байланысы бар сөздердің функциясы, ә) лексикалық бірліктердің сәйкесінде және олардың дистрибуциясын зерттеу. Осы аспектілер көзірі заманғы диалектикалық лексикологияда белсенді түрде жүзеге асырылып келеді. Осы орайда жүйелі байланыстағы сөздердің кейбір жактары (есіресе синонимнің сан алуан түрлері) зерттеліп жүр, ал енді олардың қазіршे тым аз зерттеліп отырганы сөздердің өзара сәйкесу сипатына байланысты.

Диалекттік тілді зерттеушілердің назарын аударған енді бір мәселе жергілікті сөйлемендердің әлеуметтік – жас ерекшеліктері әлеуметтік айырмашылығына байланысты. Синонимдері сәйкесе алатын сөздер жиілікке ие бола алады, яғни, біріншіден, олардың элементтерін кіргізуге болады немесе, екіншіден, жиіліктің сипаттамалық белгілерін атауга болады. Синонимдердің сәйкестілігін зерттеде диалекттік мәтінмен бірге, диалект лексикасы на қатысты сөздердің дистрибутивті қасиеттері сипаттамасының жалпы көлемін ескерер болсақ, синонимдік қатарлардың (сондай-ақ – антонимдік қатарлардың) ерекшеліктерінің лексикалық ортасын анықтауға бағытталады.

Сөздердің басқа да ірі лексика-семантикалық бірігулері секілді, синонимдердің сәйкестілігін талдауда олардың жиілікті тәуелділігін есепке алу қажет. Синоним – сын есімдерде жетекші зат есімдерге жіті көніл бөлу керек. Зат есім синонимдеріндегі айырмашылықты сол жақтан, сонымен катар, он жақтан байланысудан байқауга болады, үстен-синонимдер үшін сын есімдермен, үстен-улермен, етістіктермен байланысудың да маңызы зор.

Синонимдік қатардың барлық мүшелерінің «парадигмалық беріктік» дөрежесі бірдей (немесе жоғарыда көрсетілгендей, барлық синонимдер лексика-семантикалық жиілік ядроюнан бірдей алыстаңылған және барлығы дерлік осы ядроға кіретін) болғандықтан, дистрибутивті сипаттамаларда қашықтау себептерін басқадан, нақтылап айтқанда, сөзді белгілі бір парадигманың ірі жиілікті мүшесі түрінен ғана емес, сонымен катар, бір ғана синонимдік қатардың компоненті түрінен де ізделген дұрыс. Бәрінен бұрын, көріп отырганымыздай, сөз синонимдерімен байланыстағы тілдік сипаттамалары, кейде басқа да қатарлардың синонимдеріне назар аудартады. Алайда синонимдердің функциялануы қандай да жолдармен тілдік сипаттамаларға байланысты болады. Әдеби тіл материалына зерттеу жасау барысында, тілдегі синонимдік қатар мүшесі мен оның мотивациялығы арасындағы

байланыс анықталады да, қолданыстағымен байланысты ДЭЗ бар-жоқтығына көз жеткізіледі.

Тілдегі туыстыққа қатысты сөз арқылы орындалатын функцияларды екі типке (синонимдер мен антонимдердің жоғарыдағы функциялары сияқты): алдыңғы кезектегі функция болып жүйелі байланыстағы сөздерден қосымша шарттарды талап етпейтін функцияларды орындау саналады. Бұл функцияларды орындау үшін сөздердің аралығындағы негізгі дербес семантикалық қатынастарды орындау қажет және соңғы дербес семантика (гипонимдер үшін со-гипонимдер – бұл анықтау, жалпылау, қарама-қарсы қою, бейнелеу функциялары); орындалу кезінде жүйелі байланыстағы сөздер не өз мағынасын езгертетін, не оларды (екінші кезектегі функция) атқаруға (гипонимдер үшін бұл функцияны анықтау мен тілдік аудармаға) арналған арнайы контекстілі шарттары бар, екінші кезектегі функция болып табылады.

Синонимдерге қатысты, ең алдымен, типтері түрліше (салыстырмалы және эмоционалды-экспрессивті дублеттерге) тілді тұтынушылар тіліне әртүрлі қызмет сәйкес келеді: қатыстық синонимдерді нақтылау үшін дублеттерге бәрінен де бұрын, тілдік аударма мақсаттары (көзге көрінбейтін семантикалық өзгерістер жасау) үшін тілдік тұрақтылық (нақтылық) тән, эмоционалды-экспрессивтік синонимдер нақтылықты және коннатативті функциялармен белгіленген. Осы қызметтерді орындауда тілдегі әртүрлі типтердің синонимдерінің болуы занда деп табылған: ері осылардың бәрі белгілі бір коммуникативті акті үшін қажет, олардың тілде көрініс беруі – айтылымың нақтылы бір мақсатына байланысты қажетке жарайды.

Бұл контекстер, есіресе, өлшемі жағынан маңызды болып саналады, диалекттің тұтынушы өзі қолданып жүрген тілге жалпы айтылу семантикасын өзгертпей-ақ, бірде бір дублетті, енді бірде екінші дублетті кіріктіре отырып, түрлендіруге тырысады. Дублеттерге тән қызметтің бірі сөйлеушінің пікірі бойынша – анағұрлым тындаушыға түсінікті сөз семантикасы тағы бір сөздің семантикасына қатысты алғанда, тілдік аударма қызметі деп есептеуге келеді.

Тілдік көріністі нақтылау қызметіне синонимдердің қолданылатындығы рас. Формасы жағынан бұл контекстер кей жерлерге жай ғана өзбетінше кіріп кетіп отыратын сияқты болуы мүмкін, алайда олар мазмұны жағынан әртүрлі, оның үстінен синоним дублеттен салыстырғанда айтылу семантикасын өзгерте алады; көп жағдайларда ол қатар

компоненті синонимнен кейін, жалпылама мағынада барынша нақты семантика ретінде қолданылады. Бұдан басқа, нақтылау контекстерінде тек кана қатыстық синонимдер емес, сонымен қатар синоним түрлері қосымша эмоционалды ренкі бар, экспрессия райында да айтарлықтай қызмет атқара алады. Синонимдердің коннатативті (баға берушілік) қызметі диалектіні тұтынушының екі не бірнеше синонимдерінің біреуін бейтараптандыратын, ал екіншісін (үшінші, төртінші т.с.с) эмоционалды баға беру немесе экспрессивті контекстерде қолданатындығы бойынша анағұрлым анығырақ көрінеді. Синонимдердің әрбір типіне белгілі бір функция телінген.

Синонимдер белгілі бір контекстік жағдайларда өзінің семантикалық айырмасын бейтараптандыра алады, бейтараптандыру екі түрлі (сөз тіркесіндегі және контекстегі). Әлбетте, бейтараптандырылған синонимдер, ендігі өзінің бастапқы негізгі функциясын – нақтылауды атқармай, көбінесе дублеттің қызметін атқаруға бейім болады. Синонимдер дублет қызметін атқаратын контекстер түрінде кездеседі, бірақ, ондай контекстер ақпараттық сегментке ие бола алмайды. Бұл синонимдерден ғана тұратын қатарларға тән, ал жағдай, мысалы, тілдік аударманы (осы сияқты контекстердің объективті қажеттілігі) не дублетті талап етеді, алайда осындай тілді тұтынушылардың сөздік қорында бұл (субъективті қажеттілік) мүлде кездеспейді. Соған қарағанда, мұндай жағдайларда, синонимдердің арасындағы семантикалық өзгешеліктер релевантты емес бейтараптануға себепкер болады не болмаса тағы бір «диалектілік сөз қолданушылыққа жақын» жағдайға икемделіп кетеді. Бейтараптанудың осы түрін функционалды деп атауға болады. Тілдік аударманың контексті жеткілікті түрде бейтараптандыру фактісін анықтауы мүмкін, дублеттер функциялануының өзге типтік контексті формасы бойынша жиі-жіңі нақтылау контексіне тым ұқсас бола да береді және

зерттеуші одан әрі нақтылы түрде тыңдаушының және сөйлеушінің тараптарынан бейтараптандырудың әтіп жатқан-әтіп жатпағандығы туралы айта да алмайды.

Сонымен, лексикалық бірліктердің жүйелі қарым-қатынастарын талдаудың дәстүрлі принциптері зерттеушіге семантиканы біртіндеп оқып-үренетіндігіне сүйене отырып, ең алдымен, жеке сөздердің жүйелі диалекттілік лексикадағы әртүрлі аспектілерін олардың контекстті қолданысы арқылы анықтауға, түрлі сөздердің лексика-семантикалық және такырыптық топтарының, семантикалық қатарларының, антонимдік қатарларының құрамы мен құрылымын анықтауға мүм-кіндік ашады.

#### ӘДЕБИЕТ

1. Сороколетов Ф.П., Кузнецова О.Д. Очерки по русской лексикографии. Л.: Наука, 1987. 1987. 232 с.
2. Коготкова Т.С. Русская диалектная лексикология (состояние и перспективы) М., 1979. 335 с.
3. Баранникова Л.И. Русские говоры в советский период. Саратов, 1967. 218 с.